Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 50 (901) 18 желтоқсан 2025 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

АУДАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕКТЕПТЕРДІ АРАЛАП ШЫҚТЫ

Аудан әкімі Рахат Смағұлов білім беру ұйымдарындағы жылу режимі мен қазандықтардың жұмысын бақылау мақсатында Булаев қаласында орналасқан Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясын, Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенін және Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепті аралап шықты.

Жұмыс барысында аудан басшысы оқу кабинеттеріндегі температураны, жылу тораптарының жағдайын тексеріп, сондай-ақ мектеп асханаларын аралап, оқушыларға ұсынылатын ас мәзірімен және тамақтану жағдайымен танысты.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ

14 желтоқсан күні Булаев қаласындағы орталық базарда жеке кәсіпкерлердің, сондай-ақ «Солтүстік» АӨК (Петропавл қ.) ауыл шаруашылығы өнімдері сатылымға шығарылып, жәрмеңке ұйымдастырылды.

Қала тұрғындары мен қонақтарына ет, жарма, ұн, жұмыртқа, бал, балық және басқа да түрлі азық-түлік өнімдері нарықтағы бағадан арзан сатылды.

АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ІҚМ ӘКЕЛІНДІ

«СК Агро 2050» ЖШС шаруашылығына сүт бағытындағы мал шаруашылығын дамыту үшін кезекті асыл тұқымды мал партиясы жеткізілді. Бұл жолы Германиядан сатып алынған голштин тұқымды 165 бас аналық ірі қара мал жеткізілді.

Жануарлар Бельгияның Льеж қаласындағы әуежай арқылы ұшақпен жеткізіліп, 9 желтоқсан күні Қарағандыға келді.

Одан әрі мал басы 8 жүк көлігімен Алтын дән ауылдық округіндегі Советское ауылында орналасқан шаруашылыққа жеткізілді.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ ӘРҚАШАН ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Өткен аптада Возвышенка ауылында ел ырысын еселеп, халық дастарханының мол болуына ықпал етуге атсалысып жатқан ауыл еңбеккерлеріне құрмет көрсетілді.

Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты іс-шараға аудан әкімі Рахат Смағұлов қатысып, диқаншыларға ізгі тілектерін арнады.

Ол өз сөзінде ауылдық округ еңбеккерлерінің аграрлық секторды дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтіп, механизаторлар, мал шаруашылығы қызметкерлері, технологтар және күнделікті еңбегі ауданның тұрақты дамуына ықпал етіп, өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық мамандардың еңбегінің маңыздылығын ерекше атап өтті.

Аудан басшысы округ аумағында аянбай жұмыс жасап жатқан барша ауыл еңбеккерлеріне адал еңбегі, көсібілігі және туған жерге деген шынайы жанашырлығы үшін шынайы алғысын білдірді.

Содан соң, салтанатты марапаттау рәсімі өтіп, Рахат Назымбекұлы ауданымыздың көркейіп дамуына, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына қосып жатқан үлестері үшін ауыл шаруашылығы саланың үздік қызметкерлерін Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапаттап, көп жылғы адал еңбегі мен жоғары кәсіби шеберлігі үшін ақшалай сыйақылар табыс етті.

Мерекелік іс-шара жергілікті көркемөнерпаздардың өзірлеген концерттік бағдарламасымен жалғасып, ауыл әртістері көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Премьер-министрдің орынбасары – ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін кеңейту жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Бұл өзгерістер медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға және ұлт денсаулығын нығайтуға бағытталған.

Оның айтуынша, азаматтардың денсаулығы – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі әрі елдің орнықты дамуының негізі. Міндетті медициналық сақтандыру халықты қорғаудың маңызды тетігі болып саналады: ол отбасылардың қаржылық тәуекелдерін азайтып, денсаулық сақтау саласын сапалы жаңа деңгейде дамытуға мүмкіндік береді.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтандырылған мәртебесі бар қазақстандықтар МӘМС аясында жоспарлы түрде медициналық қызметтердің кең спектрін ала алады. Қазіргі таңда жүйеде шамамен 17 млн адам немесе ел халқының 82%-дан астамы сақтандырылған. Олардың 12 млн-нан астамы жеңілдігі бар санаттарға жатады, ал шамамен 4,5 млн адам жарналарды өздері төлейді.

Жаңа жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті едәуір кеңейеді. Оған қант диабеті, балалар церебралды сал ауруы, ревматизм және дәнекер тіндердің жүйелі зақымдануы секілді созылмалы аурулар енгізіледі. Бұл диагнозы бар науқастар дәрігер кеңесін, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуін және емделуді толықтай сақтандыру жүйесі есебінен алады.

Сонымен қатар әлеуметтік сақтандыру артериялық гипертензияны емдеу мен бақылауды қамтиды. Бұл дертпен Қазақстанда шамамен 1,5 млн адам ауырады. Сондай-ақ созылмалы бүйрек аурулары да МӘМС пакетіне енеді. 2026 жылдан бастап бұл бағытта диагностика, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, гемодиализ және тіпті бүйрек трансплантациясы да сақтандыру аясында көрсетіледі.

Қазақстанда шамамен 500 мың адам ауыратын қант диабетімен науқастарды емдеу және диспансерлік бақылау да толықтай міндетті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі.

Айта кетерлігі, қазіргі таңда созылмалы аурулардың басым бөлігі МӘМС арқылы қамтылады. Тек 11 әлеуметтік маңызы бар ауруға ғана тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде қаржыландырылады.

Ауыл халқы бүгінде МӘМС жүйесіне толыққанды енгізілген, ал ауыл тұрғындарының едәуір бөлігі үшін жарналарды мемлекет төлеп отыр. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап заңдағы жаңа нормаға сәйкес, табысы төмен азаматтар «D» санаты бойынша қосымша түрде жүйеге қамтылады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін жүйеге кіру жеңілдетіледі: айына 4 250 теңге немесе жылына 51 мың теңге жарна төлей отырып, олар қымбат медициналық көмекті қоса алғанда, толыққанды қызметтерді пайдалана алады.

Бұл өзгерістердің басты мақсаты – әрбір адамға сапалы әрі уақтылы медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету, – деп түйіндеді Аида Балаева.

ДӘРІГЕРДІ ҰРҒАНДАР ЕНДІ ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Мәжіліс Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодексте толықтырулар енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдады.

Құжатты денсаулық сақтау қызметкерлеріне физикалық зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрсеткені үшін жазаны күшейту туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес депутаттар әзірлеген.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов заң жобасын таныстырды.

Қылмыстық кодексте енгізілетін түзетулер аясында медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілеріне қатысты күш қолдану немесе күш қолдану қаупін төндіргені үшін қылмыстық жауапкершілік белгілейтін жаңа 380-3-бап енгізіледі.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданғаны үшін немесе күш қолданбақ болғаны үшін 500-ден 1000 АЕК-ке дейін айыппұл салу, не болмаса сол мөлшерде түзету жұмыстарына немесе 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, 2 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы ұсынылады. Егер ауыр әрекет жасалса, жаза 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде күшейтіледі.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдануға қатысты 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Ауыр жағдайда жасалған болса, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы беріледі.

Қылмыс құрамының элементтерін саралау үшін депутаттар медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілерін күш қолдана отырып қорқытқаны үшін бөлек жауапкершілік белгіленеді. Ұсынылып отырған жазаларға 200-ден 500 АЕК-ке дейін айыппұл салу немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не болмаса 300 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе екі жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы кіреді. Ауыр әрекет жасалған жағдайда екі жылдан үш жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы беріледі.

Сонымен қатар жобада аясында Қылмыстық-процестік кодексте ішкі істер органдарының осы санаттағы істер бойынша алдын ала тергеу және анықтау жүргізу құзыреті белгіленеді.

КӘСІБИ БАҒДАР

ЖАСТАР - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы әкім аппараты басшысының бастамасымен Манаш Қозыбаев атындағы университет студенттерімен маңызды кездесу өтті.

Онлайн ұйымдастырылған кездесуге аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Әсетұлы Қожахметов, кадр қызметінің қызметкерлері және университеттен — Оқыту және мансап орталығының жетекшісі Әсел Таңатарқызы Келдеғұлова, университеттің өкілі ретінде шараға қатысып, студенттерді кездесуге қатыстыруға жәрдемдесті.

Аудандық кадр қызметінің басшысы Ахметжанова Мейрамгүл Асқарқызы мемлекеттік қызметтің артықшылықтарына тоқталды, атап айтқанда:

- Жас мамандарға арналған бос орындар және қызмет жағдайлары;
- Еңбекақы, бонустар және әлеуметтік кепілдіктер;
- Мансаптық өсу мүмкіндіктері және қызметке қабылданған кезде төлімгерлік;
- Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқу және икемді жұмыс кестесі;
- eQyzmet арқылы жаңа, ашық іріктеу жүйесі, соның ішінде гранттық студенттерге арналған жеңілдіктер;
- GPA 3,3 және одан жоғары көрсеткіші бар грант бойынша оқыған студенттерге конкурссыз қызметке тағайындау мүмкіндігі.

Аудан әкімі аппаратының басшысы Жаслан Әсетұлы университет студенттерінің тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, көмір мен отын беру, тәжірибеден өту, сондай-ақ әскери борыш мәселелері бойынша қойған барлық сұрақтарына толық жауап берді.

Кездесудің соңында бірінші рет мемлекеттік қызметке қабылданған Омарова Алтын Дәулетжанқызы өзінің тәжірибесімен бөлісіп, тәлімгердің болуы, жұмыстағы қолдау және қызметтің артықшылықтары жаңа қызметте табысты бастауға көмектесетінін жеткізді.

Студенттер кездесуден оң әсер алып, мемлекеттік қызмет мүмкіндіктеріне қызығушылық танытты және университетті бітірген соң ұсыныстарымызды және еңбекке орналасу нұсқаларын қарастыратынын айтты.

Ұйымдастырушылар мемлекеттік қызмет — бұл даму, жаңа идеялар және аудан мен елдің болашағына үлес қосуға зор мүмкіндік екенін атап өтті.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының кадр қызметі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛУДА»

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басты міндеті - мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау және олардың заңда белгіленген еңбек жағдайларын сақтау. Әрбір мемлекеттік қызметші оның атқаратын жұмысы әділ бағаланып, ал жұмыс режимі заң талаптарына сәйкес келетініне сенімді болуы керек. Сондықтан біз жұмыс уақыты режиміне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп, анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдаймыз.

2025 жылдың 11 айы ішінде Департамент 13 мониторинг жүргізу арқылы өңірдің 130 мемлекеттік органдарын қамтыған.

Мемлекеттік қызметшілерді үстеме жұмысқа негізсіз тартудың барлығы 82 фактісі анықталып, оның қорытындысы бойынша 77 мемлекеттік қызметшіге тиісті демалыс сағаттары беріліп, 5 қызметшіге үстеме жұмыс үшін ақшалай өтемақы төленген.

Сонымен қатар, жұмыс уақыты режимін бұзу фактілері бойынша 6 лауазымды адам Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 89-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Қабылданған шаралар мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын сақтау мәселелері уәкілетті органның мұқият бақылауында екенін, ал анықталған бұзушылықтар салдарсыз қалмайтынын көрсетеді.

Департамент үстеме жұмысқа тән бірнеше жүйелік факторларды атап өтеді, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелеріндегі жүктеменің әсіресе, есеп беру немесе іс-шараларға дайындық кезеңінде біркелкі болмауы, кейбір мемлекеттік органдардағы кадр тапшылығы, жекелеген процестерді цифрландыру мен автоматтандырудың төмен деңгейі, соның салдарынан қызметкерлер үшін жұмыс көлемі артады.

Осы тәуекелдерді азайту үшін Департамент тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары мен персоналды басқару қызметтерінің басшыларына мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарының қатаң сақталуына ұсыныс береді.

2025 жылдың 11 айындағы мониторинг нәтижелері: Департамент Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік қызметшілерінің құқықтарын қорғауды жүйелі түрде қамтамасыз етеді. Үстеме жұмыстың анықталған фактілері, оларды өтеу және кінәлі адамдарды жауапқа тарту жөніндегі шаралар жұмыстың ресми түрде емес, мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғауға нақты бағдарланғандығын көрсетеді.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары бұзылған жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің 8-7152-46-58-89 сенім телефоны бойынша хабарласа аласыз.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын уақтылы қорғау - бұл нақты қызметкерді қолдау ғана емес, сонымен қатар сапалы мемлекеттік басқаруға қосқан үлес. Солтүстік Қазақстан облысының әрбір мемлекеттік қызметшілері заңға және адамға құрмет бірінші орында тұрған жағдайда жұмыс істеуі үшін Департамент өз жұмысын одан әрі жалғастыратын болады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК БОЙЫНША БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ БАЗА

Бүгінде өміріміздің көп бөлігі цифрлық форматқа көшіп келеді: қызметтерді телефон арқылы төлейміз, құжаттарды онлайн тапсырамыз, емханаға мобильді қосымша арқылы жазыламыз, яғни мемлекеттік қызметтер қолжетімді әрі түсінікті бола түсті.

Кезекті қадамдардың бірі – «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» (ЖМБМК) ақпараттық жүйесін өзірлеу және енгізу. Бұл жүйе Қазақстандағы жер мен жылжымайтын мүлік туралы барлық мәліметті біріктіретін цифрлық платформа болып табылады.

Бұрын жылжымайтын мүлік туралы ақпарат әртүрлі ұйымдарда, қағаз архивтерде, ескі сызбаларда сақталатын. Қажетті деректерді табу үшін бірнеше мекемені аралауға тура келетін. Қазір барлық мәлімет бір жерде — ЖМБМК ақпараттық жүйесінде топтастырылған.

ЖМБМК арқылы жер учаскесінің орналасқан жерін, нақты шекараларын, оған қойылған шектеулерді (шектеу, кепіл, сервитут), меншік тарихын, кадастрлық құнын, картадағы орны мен құрылыстардың бар-жоғын білуге болады.

Бұл ақпарат жер сатып алатындарға, үй салатындарға, құжат ресімдейтін азаматтарға және кәсіпкерлерге аса қажет.

ЖМБМК енгізілгенге дейін азаматтар ондаған анықтама жинауға мәжбүр болатын: алдымен әкімдікке, содан кейін ХҚКО-ға, одан кейін жер қатынастары бөліміне бару керек еді. Көп жағдайда бірнеше апта күтуге тура келетін. Енді мұндай қажеттілік жоқ — деректерді жылдамырақ, дәлірек және онлайн форматта алуға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, жылжымайтын мүлікті сатып алу алдында жерді тексеріп, құжаттарының дұрыстығына көз жеткізуге болады. Бұл алаяқтықтан қосымша қорғаныс береді, өйткені электрондық мәліметтерді қолдан жасау қағаз құжаттарға қарағанда әлдеқайда қиын.

Мемлекеттік органдар да елдегі барлық жер учаскелері туралы нақты ақпарат алады. Бұл рұқсаттарды жедел беруге, жерді әділ бөлуге, құжаттардағы қателерді болдырмауға, қалалар мен ауылдардың дамуын жоспарлауға мүмкіндік береді. Құрылыс салушылар учаскелер туралы деректерді жедел алады, банктер ақпаратты тексере алады, нотариустар қосымша құжат жинамай-ақ мәмілелерді рәсімдей алады.

ЖМБМК жүйесі үнемі жаңартылып отырады: жаңа карталар, сервистер, басқа мемлекеттік деректер базаларымен интеграциялар енгізілуде.

Мысалы, 2025 жылдың қазан айынан бастап ЖМБМК арқылы «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардағы жер учаскесіне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметі толық автоматтандырылған форматта көрсетіле бастады. Инженерлік желі ұйымдары және өзге субъектілермен келісу процестері ақпараттық жүйелер интеграциясы арқылы жүзеге асады. Бүгінгі күні осы қызмет бойынша 199 өтініш қаралды.

Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарына цифрлық шешімдерді белсендірек пайдалануы қажет, өйткені бұл жаңашылдықтар мемлекеттік қызметтерді алуды барынша ыңғайлы және ашық етуге бағытталған.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Департаментке e-Otinish.gov.kz платформасы арқылы, «EgovKzBot2.0» Telegram-ботына жазу арқылы немесе 8 (7152) 36-01-62 телефонына қоңырау шалу арқылы жүгінуіне болады.

Ержан ҚАРЫМСАҚОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

12 желтоқсан күні Мағжан Жұмабаев ауданы жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Жалғас Әлнәзіров Instagram, TikTok және Facebook әлеуметтік желілеріндегі «Тікелей байланыс» атты тікелей эфирге қатысып, ауданда жастармен жүргізіліп жатқан жұмыс туралы баяндама жасады.



Өз сөзінде Жалғас Жеңісұлы орталықтың аудан жастары үшін маңызды рөл атқаратынын тілге тиек етті.

- Бүгінгі таңда жастар ресурстық орталығы (одан әрі - ЖРО) қызметкерлерінің штаттық саны 9 адамды құрайды және 2 бос жұмыс орны бар. Біздің мекеменің негізгі міндеті - жастармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. ЖРО кеңсесі Булаев қаласы, Мир көшесі 12 А мекен жайы бойынша орналасқан.

Жыл басынан бері жалпы саны 3712 адамды қамтитын 405 іс-шара өткізілді.

Волонтерлік қызмет бойынша да бірқатар жұмыстар жүргізілді. Оқушылар мен студенттер, жұмыс істейтін жастар, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері қатарындағы біздің еріктілер жалғызбасты зейнеткерлерге аумақтарды тазалауға, аулаларды қардан тазартуға, отын жинауға, картоп отырғызуға және көкөніс бақшасының өнімдерін жинауға тұрақты негізде көмек көрсетті. Сондай-ақ, еріктілер «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, ағаш отырғызу және апта сайынғы сенбіліктерде белсенділік танытты.

Ауданның полиция және прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп орталық көптеген іс-шаралар өткізілді: «Абайлаңыз алаяқтар» брошюраларын тарату, қаңғыбас иттердің алдын алу мақсатында аулаларды аралау, «Заң және тәртіп» тақырыптарында жастармен кездесулер, экстремизм мен терроризмнің алдын алу, құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында «Вейп - бұл қауіпті», «Темекіні тәтті өмірге ауыстырамыз!», «Есірткісіз өмір» және басқа да шаралар ұйымдастырды.

Жазғы кезеңде «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасының сарбаздары өз жұмыстарын белсенді жүргізді. Балалар гүлзарларды, саябақтарды, балалар алаңдарын абаттандырумен айналысып, аумақтарды бояу, әктеу және арамшөптерден тазарту бойынша істерге белсене араласты. Биыл барлығы 14 жастан 35 жасқа дейінгі 59 адам жұмысқа орналастырылды.

Ұрпақтар сабақтастығы - жастар ресурстық орталығының басты міндеттерінің бірі. Жыл бойы ауданның ардагерлер кеңесімен бірлескен бірқатар іс-шаралар өткізілді. Мәселен, облыс орталығындағы «Саланг» әскери-патриоттық клубына сапар және «Әуенді тап» ойыны ерекше маңызды болды. Сондай-ақ, қалалық ардагерлер кеңесінің белсенділері жастар орталығының іс-шараларына тұрақты түрде қатысатынын атап өткім келеді.

Жастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары одан әрі жұмысқа орналасу үшін өте маңызды. Орталық мамандары жастарға апта сайын кеңес береді, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпаратпен ауылдық округтерге барады. Мансап орталығымен бірге «Бос орындар жәрмеңкелері» өткізілін, әлеуметтік желілерде апта сайын «Күннің бос орны», «Назар аударыңыз, бос орын» айдарларын жүргізіп келеді.

ЖРО жанында «Жақсылық жәшігі» акциясы бойынша «Добро в село» және «Помощь рядом» еріктілер қозғалысымен бірлесіп, мұқтаж жандар мен жалғызбасты қарияларға заттармен, кеңсемен және ойыншықтармен көмек көрсетеміз.

Жастарды тәрбиелеудегі маңызды бөлігі патриотизм және өз Отанына деген сүйіспеншілік болып табылады. Біз Ұлы Жеңістің 80-жылдығы аясында патриоттық әскери-спорттық іс-шараларды өткіземіз, балаларға Отанға деген сүйіспеншілік, толеранттылық, достық пен патриотизм сезімдерін сіңірдік.

Сонымен бірге, жастар үшін ойын-сауық сипатындағы іс-шаралар міндетті түрде өткізіледі. Жазғы кезеңде тақырыптық кездесулер мен кештер ұйымдастырылады. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында қараша айында «Жастар қуаты» атты жастар форумы болып етті. Онда Петропавл қаласының спикерлері сөз сөйлеп, мағжандық жастармен ерекше диалог құрды.

Сондай-ақ жуырда аудан әкімдігінің отырыс залында Еріктілер күні мекересіне арналған салтанатты іс-шара өтіп, онда ауданның ең белсенді жастары марапат пен естелік сыйлықтарға ие болды. Аталған бағытта орталық жұмысы алдағы уақытта да жалғасып, жастар үшін ауданда барлық жағдай жасауға атсалысатын боламыз, - деді жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы.

Баяндама аяқталған соң, Жалғас Әлнәзіров «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» газеттерінің оқырмандары, Instagram, TikTok және Facebook әлеуметтік желілері арқылы тікелей эфирге қатысып отырған мағжандықтардың аталған тақырып бойынша қойған сұрақтарына жауап берді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР, ЖӘРДЕМАҚЫЛАР МӨЛШЕРІ ӨСЕДІ

«2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 4 325 теңге;

Ең төменгі зейнетақы – 69049 теңге мөлшерінде;

Ең төменгі күнкөріс деңгейі (одан әрі - ЕТКД) – 50 851 теңге;

Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 35 596 теңге мөлшерінде белгіленген.

Жасы және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден **10 %-ға** артады.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 205 бабына сәйкес ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді.

Осыған орай, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап базалық зейнетақы мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ЕТКД шамасының 70 пайызы мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады, бірақ ЕТКД шамасының 118 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап 34 жыл және одан көп өтілі бар базалық зейнетақының ең жоғарғы мөлшері 60005 теңгені құрайды.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бұл өсім 105 мыңнан астам алушыға әсер етеді.

Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері Кодекстің 177 және 236 баптарында көзделген мөлшерде белгіленеді, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕТКД мөлшерінің үлғаюына байланысты жоғарылатылады.

Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕТКД мөлшерінің үлғаюына байланысты жоғарылатылады.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасауды жүзеге асыратын адамға берілетін мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕТКД мөлшерінің үлғаюына байланысты жоғарылатылады.

Айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің артуына байланысты №1 және №2 тізімдер бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылар, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы, ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы, жерлеуге біржолғы төлем, бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы бар көпбалалы отбасыларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері өсті.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік жәрдемақылар мөлшерінің өсуінің бірнеше мысалдары:

1) 1, 2, 3 бала туған кезінде төленетін біржолғы жәрдемақы - 164 350 теңгені, 4 және одан көп бала туғанда - 272 475 теңгені құрайтын болады.

2) Көпбалалы отбасына ай сайын берілетін жәрдемақы төрт балаға – 69 330 теңге, бес балаға – 86 673 теңге, алты балаға – 104 017 теңге мөлшерінде төленеді. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көпбалалы отбасыларға 4,6 мың

алушы жәрдемақы алады.

3) Жалпы аурудың I тобындағы мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы – 111 873 теңгені, II топ – 89 498 теңгені, III топ – 61 022 теңгені құрайды.

4) Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасауды жүзеге асыратын адамға берілетін мемлекеттік жәрдемақының мөлшері - 81 871 теңгені құрайды.

Марат ОМАРОВ,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!
ӨТЕ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Әлеуметтік қызметтер порталы – мүгедектігі бар адамдарға жеткізушілермен тікелей өзара іс-қимыл жасай отырып, оңалтудың қажетті техникалық құралдары мен қызметтерін өз бетінше сатып алуға мүмкіндік беретін электрондық жүйе.

Әлеуметтік қызметтерді алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қызметтер порталымен жұмыс істеу кезінде сақтық шараларын сақтау қажеттігін еске саламыз. Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы ОТҚ және қызметтерді ресімдеу кезінде өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін қауіпсіздік шараларын сақтаңыз:

Қалай алаяқтықтың құрбаны болмауға болады:

ЖСН, СМС-кодтар мен парольдерді үшінші тұлғаларға бермеңіз.

Порталдағы барлық әрекеттерді алушы немесе оның заңды өкілі өзі орындайды.

Ақшаны тездетуге уәде беретін «көмекшілерге» сенбеңіз.

Күдікті жағдайларда - дереу 102 нөмірі бойынша полицияға хабарлаңыз.

Жеткізушілердің бағасы туралы маңызды:

Әр түрлі жеткізушілерде бір тауар әр түрлі бағамен орналастырылған жағдайлар бар.

Ұсынамыз:

- Бағаны, өнімнің сипаттамаларын және жеткізушінің рейтингін салыстырыңыз.

- Негізсіз көтерілген бағалар туралы уәкілетті органдарға хабарлау: Аудандардың және Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері және «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ.

Жауапкершілік:

ОТҚ немесе қызметтерді алғаның жалған растағаны үшін, сондай-ақ жалған мәліметтер бергені үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Ақпаратты тек ресми көздерден алыңыз:

- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сайты;

- Аймақтық басқармалардың беттері;

- Ведомстволардың ресми әлеуметтік желілері.

Құрметті тұрғындар!

Тек ресми әлеуметтік қызметтер порталын пайдаланыңыз.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің СҚО бойынша департаменті.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕЛГЕ АРНАЛҒАН ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Жастар ресурстық орталығы аудан әкімдігінің отырыс залында Волонтер күні мерекесіне орай, аудандағы ең белсенді және өз ісіне адал еріктілерді салтанатты марапаттау рәсімін өткізді.

Іс-шараға қатысушыларды аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шәріпов құттықтап, еріктілер қозғалысының маңыздылығын және әрбір еріктінің ауданның дамуына қосқан зор үлесін атап өтті.

Азамат Сайранұлы олардың мейірімділігі, қайсарлығы және кез келген жағдайда көмектесуге дайын екендіктері үшін шынайы алғысын білдірді.

Еріктілер ауданның барлық әлеуметтік, экологиялық және профилактикалық іс-шараларына белсенді қатысқаны үшін марапатталды.

Мәселен, олар су тасқынына қарсы жұмыстар, алаяқтық, ерттің алдын алу және өртке қарсы акциялар туралы ақпараттық кітапшаларды тарату, жалғызбасты зейнеткерлерге көмек көрсету, экологиялық акциялар мен сенбіліктерге қатысу, сондай-ақ қоғам игілігіне бағытталған көптеген басқа да жобалар бойынша атсалысты.

Олардың еңбегінің арқасында аудан қауіпсіз, таза, жайлы әрі достық сипатқа ие болуда.

Іс-шара қорытындысы бойынша барлық еріктілер алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болып жатқаны қуантады.

Мереке барысында еріктілер бастамаларды белсенді қолдайтын ұйымдар мен қызметтердің қызметі атап өтіліп, ардагерлер кеңесі, полиция бөлімі, төтенше жағдайлар бөлімі, шекара қызметі, білім бөлімі, пробация қызметі, «Аманат» партиясының филиалы, «Добро в село» қайырымдылық қоры, «Помощь рядом» еріктілер қозғалысы, аудан белсенділері мен жастар ресурстық орталығының үздік мамандары марапатталды.

- Сіздердің мейірімділіктеріңіз бен қайырымдылықтарыңыз сіздерге сәттілік, игілік және айналасындағылардың құрметі түрінде қайтарылсын.

Күн сайын шабыт, жаңа жетістіктер мен қуанышты сәттерді әкелсін.

Мықты денсаулық, сарқылмас жігер, өз күшімізге сенімділік және тұрақты даму тілейміз!

Сіздің жолыңызда әрдайым еңбегіңізді бағалайтын және қолдайтын адамдар болсын, ал сіздердің жасаған жақсылықтарыңыз бірнеше есе ұлғаяды.

Ауданның еріктілер қозғалысы арта берсін, жүректерді біріктіріп, әлемді жақсы жаққа қарай өзгертсін, - деді аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов.

ТАҚЫРЫПТЫҚ АЛАҢ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ АСТЫНДА»

15 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар аясында орталық аудандық кітапхана мен аудандық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік туы астында» атты тақырыптық алаң өткізілді.

15 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар аясында Орталық аудандық кітапхана мен М. Жұмабаев ауданының тарихи-өлкетану музейімен бірлесіп ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік туы астында» атты тақырыптық алаң өткізілді.

Іс-шараға Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің оқушылары мен Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінің студенттері қатысты.

Жастар алдында музей директоры Серік Жұмағұлов және колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батыр Әбілмәжінов сөз сөйлеп, тәуелсіздіктің қалыптасу тарихы, мемлекеттің дамуының маңызды кезеңдері және өскелең ұрпақтың тарихи жадыны сақтаудағы рөлі туралы айтты.

Орталық аудандық кітапхананың библиографы Марина Марий еліміздің тәуелсіздік тарихына, мемлекеттік рәміздеріне және елдің көрнекті тұлғаларына арналған «Елімнің бақытын тербеткен – тәуелсіздік!» атты кітап көрмесін таныстырды.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫС

«Бұл жылдар ғасырлармен тең»

Шара кітапхана шы Венера Қуандықованың ҚР Тәуелсіздігінің қалыптасу тарихына арналған сөздерімен басталды. 1991 жылдың 16 желтоқсаны — ел тағдырындағы шешуші кезең екені атап өтіліп, тәуелсіздіктің алғашқы буынының қазіргі мемлекеттің дамуына қосқан үлесі ерекше атап көрсетілді.

Іс-шараның ерекшелігі - танымал телевизиялық ойын қағидаты бойынша құрылған викторина болды. Қатысушыларға әрқайсысында төрт сұрақтан тұратын бес тақырыптық санат ұсынылды. Сұрақтар күрделілігі мен жинақталатын ұпай мөлшері бойынша ерекшеленді. Бұл сайыс командалардан терең біліммен қатар, тақырыптарды таңдаудағы стратегияны да талап етті.

Ал «Меломан» конкурсы Қазақстанның музыкалық мәдениетіне арналды. Қатысушылар қысқа музыкалық үзінділерді тыңдап, олардың авторы мен атауын дәл анықтауы керек болды. Тапсырмалар елдің бай музыкалық мұрасын көрсететін классикалық күйлерді қамтыды.

«Фото-лото» атты визуалды конкурс оқушылардың заманауи Қазақстанның географиясы мен сәулетін қаншалықты білетінін тексерді. Командаларға танымал сәулет нысандары, ескерткіштер немесе табиғи көрікті орындардың фотосуреттері ұсынылды. Міндет — суреттегі нысанды және оның орналасқан қала/өңірін нақты анықтау. Бұл конкурс еліміз пейзаждары мен қалаларының сұлулығын және әр қаланың ерекше сәулетін танып, қалалардың ауа райының ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қай аймақта орналасқанын анықтауды талап етті.

Тәуелсіздік күні — еліміздің басты ұлттық мейрамы қарсаңында аудандық балалар кітапханасы Хлебороб негізгі мектебінің оқушыларымен «Бұл жылдар ғасырлармен тең» атты қызықты білім аукционын өткізді. Интеллектуалдық сайыс форматында өткен бұл шара жастардың патриоттық рухын нығайтуға, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның тарихы, мәдениеті мен жетістіктері туралы білімдерін тереңдетуге бағытталды. Шараның басты мақсаты — Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетін интерактивті түрде таныту арқылы жас ұрпаққа қазақстандық патриотизм мен азаматтық бірегейлікті қалыптастыру.

Шараның соңғы әрі ең қызықты кезеңі — «Бәйге» блиц-турнирі болды. Қысқа уақыт ішінде командаларға «сұрақ–жауап» принципімен берілген 15 сұраққа жауап беру қажет болды. Бұл сайыс жоғары зейінділікті, жылдамдықты және Қазақстанның тарихы, саясаты мен мәдениеті бойынша кең білімді талап етті.

Білім аукционының қорытындысы ретінде қатысушыларға «Сені жырлаймын, менің Қазақстаным!» атты кітап көрмесі таныстырылды. Кітапханашы туған жерді жырлаған поэзиялық жинақтардан бастап, тәуелсіздік кезеңіне арналған тарихи еңбектерге дейінгі ең үздік басылымдарды көрсетті. Көрме - ойында айтылған барлық жауаптардың кітап беттерінен табылатынын дәлелдеп, оқушыларды Отан тарихын әрі қарай өз бетімен тереңірек оқуға шақырды.

Шара - ұлттық тарихқа деген терең құрмет пен қызығушылыққа толы, тартымды да әсерлі атмосферада өтіп, басты мақсатына — жастарды өз елімен мақтануға шабыттандыру мақсатына толық жетті.

Ирина ГЛЕЙЗНИС,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

КЕКУШИНКАЙ КАРАТЭДЕН АШЫҚ АУДАНДЫҚ ТУРНИР

КЕКУШИНКАЙ КАРАТЭДЕН АШЫҚ АУДАНДЫҚ ТУРНИР

13 желтоқсан күні Булаев қаласында Батыр Баян атындағы спорттық-сауықтыру кешенінде Кекушинкай каратэ бойынша ашық аудандық турнир ұйымдастырылды.

Аталмыш додаға Тайынша, Аққайың, Есіл, Қызылжар, Мағжан Жұмабаев аудандары мен Петропавл қаласының бірқатар мектептерінен 5 жастан 50 жасқа дейінгі 230 спортшы қатысты.

Турнирді аудан әкімінің орынбасары Абай Қазисов ашып, қатысушыларға арнап құттықтау сөз сөйледі. Ол өз сөзінде бүгінгі турнирдің жай ғана жарыс емес, Кекушинкай каратэ сынды ұлы жапон жекпе-жек өнері тәрбиелейтін рух күші, тәртіп пен шеберліктің айқын көрінісі екенін атап өтті.

Сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауданында Кекушинкай каратэ бөлімі 2021 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқаны айтылды. Қазіргі таңда онда шамамен 80 спортшы жаттығып, түрлі деңгейдегі жарыстарда аудан намысын абыроймен қорғап жүр.

Жарыстың бас төрешісі болып ҚР балалар-жасөспірімдер құрамасының бас бапкері Евгений Дулов тағайындалып, ол спортшыларды әділ әрі әдемі жекпе-жектер өткізуге шақырды.

Айтулы спорт мерекесіне қатысқан аудан әкімінің орынбасары Абай Қазисов, аудандық мәслихат депутаты, Қарақоға жалпы білім беретін мектебінің директоры Жәния Хайдарова, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев, білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев сынды құрметті қонақтарға «Бүкілқазақстандық Кекушинкай каратэ ұйымы РҚБ СҚО филиалының директоры Владимир Витченконың (5 дан) атынан Алғыс хаттар мен естелік кәдесыйлар табыс етілді.

Жекпе-жектер тартысты әрі қызықты өтіп, жеңіске жеткен спортшылар дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Мағжан елінде осындай турнирлерді өткізу спорттың дамуына, жас ұрпақты тәрбиелеуге және ауданымызда салауатты өмір салтын кеңінен насихаттауға ықпал етеді.

Айнагүл ОРЫНБАЙҚЫЗЫ,
Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша Кекушинкай каратэ жаттықтырушысы.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ КУБОГЫ

МАҒЖАНДЫҚ ЖАС БАЛУАНДАР ОБЛЫСТЫҚ ЖАРЫСТАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

13 желтоқсан күні Аққайың ауданының Дайындық ауылында 2012-2016 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің кубогы сарапқа салынды. Жарысқа облысымыздың аудандарынан және Петропавл қаласынан келген 200-ге жуық жас балуан бөз кілемде белдесіп, 10 салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті.

Аталмыш облыстық жарыста Мағжан Жұмабаев ауданы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері аудан намысын абыроймен қорғап, жас балуандар жүлдемен оралды.

Атап өтер болсақ, 26 кг салмақта Мусин Эльдар облыс әкімі кубогының жеңімпазы атанса, 35 кг салмақта Тәңірберген Абухарис күміс жүлдеге ие болды.

Ал 42 кг салмақта белдескен Ақперген Дарын мен Хазиев Артур және 46 кг салмақта күрескен Топышев Жалғас қола медальдарды иеленді.

Мағжандық жас балуандарымызды тамаша жетістіктермен құттықтап, алдағы жарыстарда тек жеңіс пен сәттілік тілейміз!

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ, КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

ВОЛЕЙБОЛ БОЙЫНША ЖАРЫС

12 желтоқсан күні Булаев қаласының ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері қызметкерлерінің арасында өтетін жыл сайынғы дәстүрлі спартакиада жалғасуда.

Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде және Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп спорт залында бағдарламаның төртінші түрі - волейбол бойынша жарыс өтті.

Жарысқа 8 команда қатысып, сынға түсті.

Тартысты әрі қызықты өткен жарыс қорытындысы бойынша Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің командасы жарыс жеңімпазы атанды. Ал Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімінің ұжымы күміс жүлдені иеленсе, №2 Булаев орта мектебінің қызметкерлері қола медальдарды жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Спартакиаданың соңғы түрі - шаңғы жарысы жұма күні Булаев қаласының солтүстігінде №2 Булаев орта мектебінің базасында жасалған шаңғы трассасында өтетін болады. Осылайша, бұл күні спартакиаданың қорытындысы шығарылып, қысқы шаңғы маусымның ашылуы өтеді.

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ!

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жылыту маусымының басталуымен тұрғын үй секторында өрттердің ең көп саны пайда болады және оның себебі жылыту пештерін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу болып табылады. Пеш, камин қызған кезде немесе газ плитасы жұмыс істеп тұрғанда, үйден шықпаңыз, оларды жас балаларға қалдырмаңыз. Ең қайғылы оқиғалар үйдегі ыстық пеш немесе камин жанып тұрғанда балалар жалғыз қалған кезде болады.

Пештерімен каминдерібарғимараттарда жылыту маусымы басталар алдында техникалық профилактика жүргізіп, түтін мұржаларын тазалау қажет. Шатырларда және басқа да өрт қауіпті үй-жайларда түтін мұржасы мен түтін арналары бар қабырғалар өктелуі тиіс.

Пештер мен каминдермен жылытылатын үйлердегі өрттің тағы бір жиі кездесетін себебі - каминнің немесе пештің қабырғаларында от енетін жарықтар пайда болған кезде қызып кету. Егер тез тұтанатын сұйықтықтар түтану үшін қолданылса, өрттің пайда болу қаупі одан да артады.

Пештен немесе каминнен еденге түскен көмірлер тұтануы тудырмауы үшін олардың айналасына еденді жанбайтын жабынмен төсеу керек. Ежелгі заманнан бері бұл үшін тот баспайтын болат немесе мыс парағы қолданылады. Ешқашан ағаш пен басқа жанғыш материалдарды пештің алдында немесе оған жақын жерде сақтамаңыз, пештің есігін ашық қалдырмаңыз.

Пешті жағу кезінде көміртегі тотығы, әсіресе, қауіпті - олар өліммен улануы мүмкін. Сондықтан пешті немесе каминді жағып болғаннан кейін, мұржаның тұтқасын ешқашан ерте жаппаңыз. Оны ошақтың оты сөніп, көмірлер жанып кеткеніне сенімді болған кезде ғана толығымен жабуға болады. Бөлме сәл салқын болсын, бірақ қауіпсіз.

Көміртегі тотығымен улану, өкпешке орай, жиі өліммен аяқталады. Улануды алғашқы белгілері - жеңіл бас айналу, ұйқышылдық, сананың жоғалуы. Көміртегі тотығымен уланған адамды таза ауаға шығарып, дереу дәрігерлерді шақырыңыз.

Бөлмені және электр құрылғыларын өте сақтықпен жылыту керек.

Есіңізде болсын, электр желісіне бір уақытта бірнеше осындай құрылғыларды қосу өте қауіпті (әсіресе бір розеткада). Сонымен қатар, жылытылатын электр құрылғыларын перделер мен жиһаздардан мүмкіндігінше алыс жерде жанбайтын бетке (аға ағаш еденге емес, тіпті кілемге де емес) қою керек. Оларға киімді кептірмеңіз, бірақ үйден шыққан кезде құрылғыларды желіден өшіруді ұмытпаңыз. Үйде жасалған жылыту электр құрылғыларын пайдалану салдарынан туындаған өрттердің саны да азаймай отыр.

Сондықтан барша аудан тұрғындарын жылыту маусымындағы өрт қауіпсіздігі ережелерін толық сақтап, электр құрылғыларын қарусыз қалдырмаңыздар!

Егер төтенше жағдайлар орын алса, 101 немесе 112 телефон нөміріне қоңырау шалыңыздар.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

КОНКУРС

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға 10 жыл мерзімге берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайта конкурс өткізеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарламаның (хабарлама) бірінші жариялымынан күнтізбелік он бес күн кезеңі бойынша қайта конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау басталады. Осы конкурсқа қайта қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қабылданады. 2026 жылғы 05 қаңтардан бастап 2026 жылғы 19 қаңтарға дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Нәтижелерді шығарған күн конкурстың соңғы күні болып саналады. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні конкурстың нәтижесі шығарылады.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-қабат, отырыс залы мекенжайы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің ғимаратында 2026 жылдың 20 қаңтардағы 10 сағат 00 минутта конкурстың нәтижелері шығарылады.

Конкурстың шарттары:

Шаруа немес фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсты жер комиссиясы ҚР Жер Кодексінің 43 бабының 2 тармағына сәйкес өткізеді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста болу керек:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Талаптарына сәйкес келмейтін, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім қабылдамай тастауға жатады.

Конкурстық өтінімдер «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ-не 2026 жылғы 19 қаңтарда сағат 18:30-дан кешіктірмей: 150800, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31 мекенжайы бойынша қолма-қол, веб-портал арқылы немесе пошта арқылы беріледі.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің www.mzh.sko.gov.kz, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімі» КММ-нің www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh-zher сайтында немесе 8 (71531) 2-03-75, 8 (71531) 2-08-33 телефондары бойынша алуға болады.

Лот №	Алқаптардың құрамы	Алаңы, га	Бонитеттің орташа көтерілген балы	Жер учаскесінің орналасқан жері	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Сумен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауылшаруашылық мамандануы
1	Табиғи жайылымдар: Г 5-7 өріс - 31 г; Г8-11 өріс – 87,3 г; 5-1 өріс – 10 г; 5-3 өріс – 21 г; су астында-1 г; жолдар-2 г; басқалары-18 г;	170,3	27,3	Молодогвардейское ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
2	Егістік: егістік 2-1 / 89 га, Табиғи жайылымдар: кос35-10га өрісі, кос36-1га өрісі, 45/2га өрісі	102	33,0	Конюхов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту
3	Егістік: егістік 5/91 га, Табиғи жайылымдар: кос39-2га.	93	41,0	Конюхов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту
4	Егістік: 3-3 / 60 га өріс, 4-3 / 25 га өріс. Табиғи жайылымдар: кос43 / 19 га өріс, кос42/2 га өріс, 17/1 га өріс.	107	43,0	Конюхов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту
5	Егістік: 3-3 / 55 га өріс, 4-3/80 га өріс. Табиғи жайылымдар: өріс кос44 - 1 га.	136	42,0	Конюхов ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту
6	Табиғи жайылымдар: 8 өріс – 52 г; Жолдар – 1 га; басқалары-1 га; Су астында-30,1 га	84,1	38,6	Алтын дән ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
7	Жақсартылған жайылымдар: 4-1/22,5 га алқап жолдар-0,1 га.	22,6	49,4	Успенка ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	Мал шаруашылығын дамыту
8	Егістік: өріс 6-1 / 30 га; өріс 7-1/36 га; Табиғи жайылымдар: өріс кос15 - 13га; жақсартылған жайылымдар: өріс 13-1 га; Жолдар - 1 га.	81	50,0	Полудин ауылдық округі	қарапайым қара топырақтар	Қанағаттанарлық	ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру және мал шаруашылығын дамыту

QAZAQSTAN

Дүйсенбі, 22 желтоқсан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
06.10 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.45 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН».
12.15 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
14.10, 03.00 «АПТА».
15.00 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР».
16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР».
17.20, 01.00 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ».
22.20, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 «1001 ТҮН».
03.50 АУЫЛДАСТАР.

Сейсенбі, 23 желтоқсан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.45 АҚПАРАТ.
06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН».
12.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
14:25 «ҚОС ПАЛАТА».
14:45 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ».
15:05 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР».
16.00, 00.20 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР».
17.20, 01.05 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ».
22.20, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 1001 ТҮН.
02.55 АУЫЛДАСТАР.

Сәрсенбі, 24 желтоқсан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.40 АҚПАРАТ.
06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН».
12.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
14:20 «ЗАҢ АЛДЫНДА».
14:35, 02.55 «БІРЕГЕЙ».
15:20 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР».
16.00, 00.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР».
17.20, 01.00 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ».
22.20, 02.10 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 1001 ТҮН.
03.35 АУЫЛДАСТАР.

Бейсенбі, 25 желтоқсан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.15 АҚПАРАТ.
06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН».
12.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
14.20, 01.40 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ».
15.00 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР».
15.40, 03.25 Д/Ф.
16.00, 00.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА».
17.20, 01.00 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ».
22.20, 02.45 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 1001 ТҮН.
03.45 АУЫЛДАСТАР.

Жұма, 26 желтоқсан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.30 АҚПАРАТ.
06.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10.10, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН».
12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
14.20 БӘРІКЕЛДІ.
15.45, 03.40 ЗАҢ АЛДЫНДА.
16.00, 00.55 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА».
17.20, 01.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ.
20.30 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ».
22.20, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ.
23.10 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
23.20 1001 ТҮН.
00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.
03.55 АУЫЛДАСТАР.

Сенбі, 27 желтоқсан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 17.00, 01.00 АҚПАРАТ.
06.05, 03.10 АУЫЛДАСТАР.
06.30 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС».
08.00, 02.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
08.50, 12.10, 20.00 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН».
14.20 М/Ф.
16.00 Т/Х «БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА».
17.20, 01.20 «ҚОС ПАЛАТА».
17.40, 01.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
21.50 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ».
22.45 «АЛАДДИН», Х/Ф.

Жексенбі, 28 желтоқсан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35 АҚПАРАТ.
05.55, 03.35 «АУЫЛДАСТАР».
06.25 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС».
07.25 М/Ф.
09.00 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ».
10.00, 18.00 Т/Х «БІР СЕН ҮШІН».
12.10 «ҰНАЙДЫ МАҒАН».
14.20 КОНЦЕРТ.
15.35 «АЛАДДИН», Х/Ф.
20.00, 00.40 АПТА.
20.50, 01.30 АҚОРДА.
21.00 Т/Х «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ».
21.55, 02.25 БӘРІКЕЛДІ.
23.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
01.40 «КҮМІС КӨМЕЙ».

ХАБАР

Дүйсенбі, 22 желтоқсан

05.00 КОНЦЕРТ.
07.00 ОЯН.
09.00 М/Ф.
09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ».
11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
11.40 ХАҚЫҢ БАР.
12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
15.30 АЙТЫС АЙНАСЫ.
16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ».
18.00 НОВОСТИ.
18.25 ЖЕР-ЖАһАН.
18.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 COVER SHOW.
23.30 КЕШІРЕС.
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Сейсенбі, 23 желтоқсан

05.00 КОНЦЕРТ.
07.00 ОЯН.
09.00 М/Ф.
09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ».
11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
11.40 ӘЛЕУМЕТ.
12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
15.30 NEOСЕТЬ.
16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ».
18.00 НОВОСТИ.
18.25 ЖЕР-ЖАһАН.
18.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 COVER SHOW.
23.30 КЕШІРЕС.
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Сәрсенбі, 24 желтоқсан

05.00 КОНЦЕРТ.
07.00 ОЯН.
09.00 М/Ф.
09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ».
11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
11.40 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ.
12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
15.30 КӨЗҚАРАС.
16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ».
18.00 НОВОСТИ.
18.25 ЖЕР-ЖАһАН.
18.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 COVER SHOW.
23.30 КЕШІРЕС.
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Бейсенбі, 25 желтоқсан

05.00 КОНЦЕРТ.
07.00 ОЯН.
09.00 М/Ф.
09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ».
11.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ.
11.40 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ.
12.00, 20.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
15.30 NEOСАНА.
16.00, 00.30 Т/С «БЕДНАЯ НАСТЯ».
18.00 НОВОСТИ.
18.25 ЖЕР-ЖАһАН.
18.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 COVER SHOW.
23.30 КЕШІРЕС.
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Жұма, 26 желтоқсан

05.00 КОНЦЕРТ.
07.00 ОЯН.
09.00 М/Ф.
09.30 Т/С «МОЯ ПРЕКРАСНАЯ ЖИЗНЬ».
11.30 ДӘСТҮР.
12.00 Т/Х «ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ».
13.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6».
15.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ.
15.50 БІЗДІҢ НАЗАРДА.
16.10 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ.
17.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ.
18.00 НОВОСТИ.
18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 ӨНЕР БАРЫСЫ 2025.
23.30 ОЙНАЙQ.
00.30 «КОНЦЕРТ».
02.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Сенбі, 27 желтоқсан

05.00 МАҢДАЙ ТЕР.
06.15 КІМ МЫҚТЫ?
07.30 КОНЦЕРТ.
10.00 ШЕБЕРЛЕР ШАЙҚАСЫ.
11.15 М/Ф.
12.35 М/Ф «СУПЕР МЯУ».
13.15 «ЧЕРНАЯ МОЛНИЯ», Х/Ф.
15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES.
16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
20.00 THE VOICE ҚАЗАҚСТАН.
22.00 7 КҮН.
22.40 ЖҰМЫР ЖЕР.
23.00 «ВОЙНА ТОКОВ», Х/Ф.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Жексенбі, 28 желтоқсан

05.00 МАҢДАЙ ТЕР.
06.15 КІМ МЫҚТЫ?
07.30 КОНЦЕРТ.
10.15 ОЙНАЙQ.
11.15 ӨМІР ӨРНЕГІ.
12.30 «ВОЙНА ТОКОВ», Х/Ф.
14.30 М/Ф.
15.40 М/Ф «СУПЕР МЯУ».
16.15 THE VOICE ҚАЗАҚСТАН.
18.15 Т//Х «КЕЛІНЖАН».
20.45 ҚЫЗЫҚ TIMES.
22.00 7 КҮН.
22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ.
23.00 «ЧЕРНАЯ МОЛНИЯ», Х/Ф.
01.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

ЕВРАЗИЯ

Дүйсенбі, 22 желтоқсан

06.00, 03.20 ТАМАША CITY.
07.15, 02.10 П@УТINA.
08.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
09.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
10.00 Т/С «ЗАМОК НА ПЕСКЕ».
14.00, 01.40 НОВОСТИ.
14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Сейсенбі, 23 желтоқсан

06.00, 03.55 ТАМАША CITY.
06.45, 02.10 П@УТINA.
08.15, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
09.20 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.00 Т/С «СТАЛЬНЫЕ НЕРВЫ».
14.00, 01.40 НОВОСТИ.
14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Сәрсенбі, 24 желтоқсан

06.00, 03.55 ТАМАША CITY.
06.45, 02.10 П@УТINA.
08.15, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
09.20 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.00 Т/С «СТАЛЬНЫЕ НЕРВЫ».
14.00, 01.40 НОВОСТИ.
14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Бейсенбі, 25 желтоқсан

06.00, 03.55 ТАМАША CITY.
06.45, 02.10 П@УТINA.
08.15, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
09.20 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.00 Т/С «СТАЛЬНЫЕ НЕРВЫ».
14.00, 01.40 НОВОСТИ.
14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2».
00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Жұма, 26 желтоқсан

06.00 ТАМАША CITY.
06.45, 02.40 П@УТINA.
08.15, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
09.20 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
12.00 Т/С «СТАЛЬНЫЕ НЕРВЫ».
14.00, 02.10 НОВОСТИ.
14.15, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE».
20.55 «ПОЛЕ ЧУДЕС».
22.15 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2».

Сенбі, 27 желтоқсан

06.00, 03.55 ТАМАША CITY.
07.30, 02.25 «П@УТINA».
09.05 ПОЕХАЛИ!
10.00 «ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОХОТЫ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД», Х/Ф.
11.40 ҚАЙМАҚ.
12.20 Т/Х «ПОДЕЛИСЬ СЧАСТЬЕМ СВОИМ».
17.00 ДОСТОЯНИЕ РЕСПУБЛИКИ.
19.00 KÖREMIZ-ШОУ.
20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20.35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ».
21.00 «ЗЛАЯ СУДЬБА», Х/Ф.
01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Жексенбі, 28 желтоқсан

06.00, 03.45 ТАМАША CITY.
07.30, 02.15 «П@УТINA».
09.10 «ЖЕЛАНИЕ», АНИМ.Ф.
10.25 «ТРИ БОГАТЫРЯ И ПУП ЗЕМЛИ», АНИМ.Ф.
12.40 Т/С «ЗЛАЯ СУДЬБА».
16.35 «ДОМРАБОТНИЦА», Х/Ф.
18.25 «НОВОГОДНЕЕ ЧУДО», Х/Ф.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.50 «ОГНИВО», Х/Ф.
23.00 Т/С «РОЖДЕСТВЕНСКИЙ ДОМ».
00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Адамға ең керегі – адалдық пен еңбек.
- Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр.
- Денсаулық – тіршіліктің негізі.

Халел ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ ЛОГОТИПІН ЖАСАУ КОНКУРСЫ ЖАРИЯЛАНАДЫ!

Барлық шығармашыл және бастамашыл тұрғындарды қатысуға шақыramыз.

Ауданды бейнелейтін, оның тарихын, мәдениетін және дамуын көрсететін өз нұсқаңызды ұсыныңыздар.

Конкурс шарттары:

• Жұмыстар растрлық және векторлық графика форматында электрондық түрде қабылданады;

• Логотип бастапқы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы қажет;

• Ұсыныста дұрыс емес мәліметтер болмауы тиіс;

• Қалаған қатысушылар үшін анимациялық нұсқасын жасауға мүмкіндік бар.

Жұмыстарды тапсыру мерзімі: 9 желтоқсаннан 23 желтоқсанға дейін.

Жұмыстарды тапсыру мекен-жайы/байланыс: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56.

Тел.: +7 747 142 09 49

Электрондық пошта: mzhutabaeva-akimat@sqo.gov.kz

Конкурс жеңімпазы марапатталады, ал оның жұмысы ауданның ресми символына айналады!

Қатысыңыздар да, ауданымыздың бірегей бейнесін жасауға өз үлестеріңізді қосыңыздар!

Ұйымдастыру комитеті.

БАСПАСӨЗ - 2026

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚАЗАҚСТАНДА ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН АЛАЯҚТЫҚ ТҮРЛЕРІ

Алаяқтар түрлі тәсілді қолданады. Оның ішінде әлеуметтік инженерия әдістерін, нөмірлерді қолдан жасау тәсілдерін және жалған интернет-ресурстарды пайдалану бар. Қазіргі уақытта ең көп таралған алаяқтық схемалар төмендегідей:

Телефон және интернет алаяқтығы

Алаяқтар өздерін банк қызметкерлері, құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттік мекемелердің өкілдері ретінде таныстырып, «күдікті операция» деген сылтаумен азаматтарды SMS-кодтарды, банк карталарының деректерін айтуға немесе ақшаны өз еркімен аударуға көндіреді.

Фишингтік хабарламалар

Жеткізу қызметтері, коммуналдық ұйымдар, басқарушы компаниялар немесе банктер атынан SMS-хабарламалар мен электронды хаттар жіберіледі. Хабарламадағы сілтемелерге өту жеке және қаржылық деректердің таралуына әкеледі.

Мессенджерлер арқылы жасалатын алаяқтық

WhatsApp және Telegram желілерінде басшылардың, әріптестердің немесе туыстардың атынан жалған аккаунттар ашылады. "Шұғыл жағдай" деген желеумен алаяқтар ақша аударуды немесе реквизиттерді беруді сұрайды.

Жалған инвестициялар және қаржылық пирамидалар

Криптовалютаға, бағалы қағаздарға немесе онлайн-жобаларға инвестиция салу деген желеумен азаматтарға жылдам табыс уәде етіледі. Қаражат салынғаннан кейін «инвесторлармен» байланыс үзіледі.

Онлайн сатып алу кезіндегі алаяқтық

Жоқ тауарлар мен қызметтерге, тұрғын үйді жалға алу немесе автокөлік сату бойынша алдын ала төлем жасау фактілері жиі кездеседі. Ақша алынған соң сатушылар байланысқа шықпайды.

Жеке деректерді пайдалану

Заңсыз алынған жеке куәлік деректері мен ЖСН арқылы үшінші тұлғалардың атына несие мен микрокредиттер рәсімделеді.

Полиция банк және мемлекеттік органдардың қызметкерлері телефон арқылы растау кодтарын, банк карталарының деректерін сұрамайтынын ескертеді. Күмән туындаған жағдайда әңгімені дереу тоқтатып, ресми қызметтерге өз бетіңізше жүгініңіз.

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.

ЕСКЕ АЛУ

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ!

Булаев қаласында ғұмыр кешкен ардақты ұлым, қимас бауырымыз Райымжан Әлімжанұлы Елубаевтың о дүниеге аттанғанына 31 желтоқсан күні 1 жыл болады.

Сұм ажал өткен жылы 34 жастағы асылымызды кенеттен арамыздан алып кетіп, бәрімізді қайғы-мұңға батырды. Жаратқан иеміз бізді осылай сынаған болар.

Осы күні тірі болса, ортамызда жарқырап отбасымен бірге жүрер еді. Көз алдымыздан кетпейтін нұрлы бейнесі жаңғырып санамызға шуақ себеді. Қайғылы көңілімізді жұбатып, сағына еске аламыз.

Бауырымыздың көзін көрген қауымға **жылдық дұға 20 желтоқсан күні «Береке» аудандық орталық мешітінде сағат 14.00-де** берілетінін хабарлаймыз.

Ардақтымыздың рухына Құран аяттарын бағыштап, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жәннаттың төрінен болсын деп тілейміз.

Сұм ажалға сорлы жүрек не істесін,
Қайғы кешіп, нала-мұңды кешкесін.
Ортамызда болмасаң да енді сен,
Мәңгілікке ұмытылмайсың, естесің.

Сағынышпен еске алушылар: анасы мен бауырлары.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ЕМХАНАДА БІРЫҢҒАЙ CALL–ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерге аудандық емханада бірыңғай Call-орталық жұмыс істеп жатқанын хабарлаймыз.

Ыңғайлы болу үшін әр түрлі қызметтер үшін келесі қосымша нөмірлер қарастырылған:

Ересектерді тіркеу бөлімі
ұялы телефон: 8-702-075-15-04, жергілікті телефон: 7-99-10;

Балаларды тіркеу бөлімі
ұялы телефон: 8-775-096-30-54, жергілікті телефон: 7-99-08;

Пациенттерді қолдау қызметі
ұялы телефон: 8-702-075-15-06, жергілікті телефон: 7-99-15;

Дәріхана
ұялы телефон: 8-702-075-15-39, жергілікті телефон: 7-99-71.

Біз Сіздердің кез-келген сұрақтарыңызға жауап беруге және көмек көрсетуге әзірміз!

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 450

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады